

«Өркен» балалардың әл-ауқатын
арттыру ұлттық ғылыми- практикалық
институты» КеАҚ президентінің
2025 жылғы № _____
бұйрығымен бекітілді

«ДосболLIKE: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН!» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «ДосболLIKE: достық қолын ұсын!» республикалық акциясының (бұдан әрі – Акция) мақсаттарын, міндеттерін, өткізу тәртібі мен қатысу шарттарын айқындайды.

1.2. Акцияны ұйымдастырушы – «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты (бұдан әрі – Ұйымдастырушы).

1.3. Бұл бастама оқушыларды ынтымақтастық арқылы жағымды қарым-қатынас орнатудың тиімді жолдарын іздеуге жұмылдыруды, сондай-ақ достық пен қауіпсіз орта қалыптастыруды көздейді.

1.4. **Акцияның ұраны:** «Нағыз досың болсын десең – алдымен өзің сондай бол!»

2. Мақсаты мен міндеттері

Мақсат: Мектеп ортасында шығармашылыққа негізделген ұжымдық іс-әрекет арқылы дұрыс қарым-қатынас орнатуға жағдай жасау.

Міндеттер

1. Оқушылар, педагогтер және ата-аналар арасындағы шығармашылық өзара әрекеттестік жағдайында ынтымақтастыққа деген қажеттілікті қалыптастыруға ықпал ету.

2. Қатысушылардың оқушылардың физикалық және психоэмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында шығармашылық ынтымақтастыққа негізделген жағымды қарым-қатынастың тиімді түрлері туралы түсініктерін кеңейту.

3. Бірлескен іс-әрекет барысында қарым-қатынас тәжірибесі арқылы жағымды қарым-қатынас орнатуға бағытталған белсенді мінез-құлық дағдыларын дамыту.

3. Қатысушылар

3.1. Акцияға қатысушылар – жалпы орта білім беру ұйымдарының бастауыш (1–4 сыныптар), негізгі (5–9 сыныптар) және жоғары (10–11 сыныптар) буын оқушылары, педагогтер, ата-аналар, еріктілер және білім беру ұйымдарының әлеуметтік серіктестері болып табылады.

4. Өткізу форматы

Оқушыларға мектеп дәлізінің қабырғасына бекітілген стендке немесе үлкен плакатқа қызықты іске пікірлес достар табуға деген ниеті туралы ақпаратты орналастыру ұсынылады. Ортақ қызығушылықтар мен бірлескен әрекет негізінде бірігу ұсынылады, бұл «Қалаймын – Қолымнан келеді – Іске асырамын» формуласына сәйкес жүзеге асырылады.

«Қалаймын» – қысқа мерзімге арналған нақты мақсат. «Қолымнан келеді» – ортақ мақсатқа жетуге ықпал ететін өз ресурсын ұсыну. «Іске асырамын» – тілектер мен жоспарларды жүзеге асыруға бағытталған нақты қадамдар. Ақпарат достықтың символы ретінде бейнеленген алақан суретіне жазылуы керек.

Акция аясында оқушылардың күшімен келесі бағыттар бойынша іс-шаралар ұйымдастырылуы мүмкін:

- ✓ Шығармашылық ынтымақтастық;
- ✓ Шағын интеллектуалдық академия;
- ✓ Спорттағы достық;
- ✓ Шебер қолдар шеберханасы;
- ✓ Жақсы көңіл-күй;
- ✓ Еріктілер.

Бұл бағыттар жұмыс тобының шығармашылық көзқарасына сәйкес нақты жағдайларға бейімделіп толықтырылуы немесе түзетілуі мүмкін.

Сонымен қатар, әртүрлі жастағы оқушылардың өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету қажеттілігі ескерілуі тиіс, бұл – жасы үлкен оқушылардың кіші сынып оқушыларына өз білімдері мен тәжірибесін беруіне мүмкіндік береді.

Іс-шара қорытындысы бойынша ақпарат (фотосуреттер, мектептің атауы, өңірі және т.б. көрсетілген қысқаша мәлімет) cit_nigrch@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі.

5. Өткізу тәртібі

5.1. Акция **2025 жылғы 10 қараша мен 14 қараша** аралығында өткізіледі.

5.2. Осы Ереже бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

5.3. Ұйымдастырушы Акцияны өткізу шарттарын нақтылау және толықтыру құқығын өзіне қалдырады.

6. Күтілетін нәтижелер

1. Оқушылардың мектеп ортасында достық қарым-қатынасты қалыптастыруда белсенді болуға дайын болуы.

2. Сенімге, өзара құрметке және қолдауға негізделген атмосфераның қалыптасуы.

**АКЦИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША
ЖИНАҚТАЛҒАН АҚПАРАТТЫ
ҰСЫНУ ҮЛГІСІ**

№	Мектеп атауы	Қатысушылар саны
1		
2		
3		
4		